

Қазақстан Республикасы
Республика Казахстан

НОТАРИУС
УСЕМБАЕВА МАЙРА УСЕМБАЕВНА
Лицензия №0002075

<u>ҚҰЖАТТАРДАҒЫ ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫҢ ТҮПНҮСҚАЛЫЛЫҒЫН ҚУӘЛАНДЫРУ</u>	<u>СВИДЕТЕЛЬСТВОВАНИЕ ПОДЛИННОСТИ ПОДПИСИ НА ДОКУМЕНТАХ</u>
Тіркеу нөмірі:	Регистрационный номер:
2560-1604	
Жасалған күні:	Дата совершения:
14.09.2021	
Тұлғалар:	Лица:
БСН/БИН 070740004377, Некоммерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина»	



Назар аударыңыз! Сайт мекенжайы <https://enis.kz/>
болып көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.
Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі:
ES1902699210914110414H101623

Внимание! Убедитесь в том, что адрес сайта
указан как - <https://enis.kz/>
Уникальный номер нотариального действия:
ES1902699210914110414H101623

e-notary

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ
 МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ**

20 18 ж. «28» 10 ЖҮРГІЗІЛДІ

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 10.07 ЖЫЛ 2007

БСН 070740004327

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
 НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
 РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

20 24 ж. «15» 09 ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 070740004327

АЛҒАШҚЫ ТІРКЕЛГЕН КҮНІ 10.07 ЖЫЛ 2007



«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы»
 коммерциялық емес акционерлік
 қоғам директорлар Кеңесінің 2021
 жылғы «11» тамыз
 № 07/21 шешіміне
 № 1 Косымша

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы»
 коммерциялық емес акционерлік
 қоғам Жалғыз акционердің
 2021 жылғы «11» тамыз
 № 07/21 бұйрығымен «БЕКІТІЛДІ»

**«Сәкен Сейфуллин атындағы
 Қазақ агротехникалық университеті»
 коммерциялық емес акционерлік қоғамының
 Ж А Р Ғ Ы С Ы**

1. Жалпы ережелер

1. «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамның (бұдан әрі - Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, орналасқан жерін, органдарын құру тәртібі мен құзыретін, оны қайта ұйымдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына кайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: некоммерческое акционерное общество «Казахский агротехнический университет имени Сакена Сейфуллина»;

3) ағылшын тілінде: “Saken Seifullin Kazakh Agrotechnical University” noncommercial joint stock company.

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ» КеАҚ;

2) орыс тілінде: НАО «КАТУ им. С.Сейфуллина»;

3) ағылшын тілінде: “S. Seifullin KATU” NCJSC.

4. Қоғам атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғылы, 62-үй.

5. Жеке кәсіпкерлік субъектінің мәртебесі: коммерциялық емес заңды тұлға.

2. Қоғамның заңды мәртебесі

6. Қоғам акционерлік қоғамның жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатындай ұйымдық-құқықтық түрде «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген ұйымдарын қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 22-мамырдағы № 409 Қаулысына сәйкес құрылды.

«Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 22-тамыздағы № 659 Қаулысымен Қоғамның 100% пакет акциясы «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының жарғылық капиталын төлеуге берілді.

7. «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Қоғамның Жалғыз акционері (бұдан әрі - Жалғыз акционер) болып табылады.

8. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоты бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықты сатып ала және жүзеге асыра алады, міндеттер атқарады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

9. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыруға қажетті басқа да деректемелері бар.

10. Қоғам қызметінде Қазақстан Республикасы Конституциясы, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексі, «Акционерлік қоғам туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық өзге де актісі, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

11. Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен Қоғам заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқылы.

12. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен Қоғам орналасқан жерінен тыс жерде заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелер негізінде Қоғам атынан және тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиал (өкілдік) құруға құқылы.

13. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының міндеттемесін қоспағанда, Қоғам өз мүлкі шегінде міндеттері бойынша жауапкершілік атқарады.

Қоғам жалғыз акционердің міндеттемесі бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер қоғам міндеттемелеріне жауап бермейді және қоғам қызметтеріне қатысты өзіне тиесілі акция құны шегінде Қазақстан Республикасы заңдылық актілерінде көзделген басқа жағдайды қоспағандағы шығын қауіп-қатеріне тап болуы мүмкін.

3. Қоғам қызметінің нысаны мен мақсаты

14. Қоғамды құрудың мақсаты - Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі тиімді технологияларды трансферттеу негізінде Қазақстан экономикасының аграрлық секторының инновациялық дамуын қамтамасыз етуге қажетті жоғары білікті маманды даярлау және қайта даярлау, ғылыми зерттеу нәтижелерін әзірлеу және енгізу.

Қоғам қызметінің нысаны жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандарын даярлау, экономиканың түрлі саласында мамандар біліктілігін көтеру, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылыми нәтижені енгізу және коммерцияландыру, білім тарату, заманауи ғылыми және көмекші инфрақұрылым құру.

15. Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадр даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеуді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеу жұмысы;

2) білім алушыларды тамақтандыру, тұру орны, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

3) жұмыскерді тамақтандыру, тұру орны, медициналық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету;

4) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

5) спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыру әрі өткізу;

6) дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру әрі өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;

7) білім беру үрдісі, зерттеу, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызмет;

8) халықаралық және республикалық деңгейдегі түрлі іс-шараны: білім алушы мен педагог жұмыскер арасындағы олимпиада, жарыс, конкурс, конференция, семинарды ұйымдастыру және оларға қатысу;

9) білім алушыларды запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери қызметке даярлау;

10) технополис, технопарк, бизнес-инкубатор, инновациялық орталық, технологияны коммерцияландыру және трансферттеу орталығы, жобалау конструкторлық бюросы және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымды құру;

11) білім мен ғылым жүйесін одан әрі дамыту әрі жетілдіруге бағытталған инновациялық әдіс, оқыту технологиясы мен зерттеуді әзірлеу, сынақтан өткізу және ендіруге қатысу;

12) білім берудің барлық деңгейі үшін цифрлық интерактивтік білім беру қоры және оқу фильмдерін ұйымдастыру, жасау және дамыту;

13) білім мен ғылымды өндіріспен шоғырландыруға қатысу;

14) Қазақстан Республикасының еншілес және басқа да ұйымы мен шетелдік ұйымның қаржы қорын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыс, инновациялық және инвестициялық жобаны ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаны венчурлік қаржыландыру тетігі мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу.

16. Қызметтің жеке түрін жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат (лицензия, сертификат, аттестат, куәлік) қажет болған жағдайда, Қоғам аталмыш қызметті сәйкес рұқсатнама (лицензия, сертификат, аттестат, куәлік) алғаннан соң ғана жүзеге асырады.

4. Жарғы капиталы

17. Қоғамның жарғы капиталы Заңмен бекітілген талаптарға сай және Қазақстан Республикасы ұлттық валютасында, олардың атауыш құны бойынша құрылтайшы және орналастыру құны бойынша инвесторлардың акцияларды төлеуі арқылы қалыптасады.

18. Қоғамның жарғы капиталын ұлғайту Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнама және Осы жарғы бойынша бекітілген тәртіпте жарияланған акцияларды орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

5. Мүлкін құрау көздері

19. Қоғамның мүлкін құрау көздері Мыналар:

- 1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;
- 2) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алынған дивидендтер (кірістер, сыйақы (мүдде));

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

20. Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін.

21. Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

22. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке тең сомандан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауға тиіс.

6. Акция. Бағалы қағазды орналастыру шарттары

23. Қоғам тек қана қарапайым акцияларды шығаруға құқылы. Акциялар құжатсыз түрде шығарылады.

24. Қарапайым акция Жалғыз акционерге қарастыруға ұсынылған барлық сұрақ бойынша шешім қабылдауына құқық береді.

25. Қоғам өз акциялары бойынша дивиденд есептемейді және төлемейді.

26. Акция шығару, орналастыру, айналымға түсіру шарты мен тәртібі, сондай-ақ қарапайым акция бойынша дивиденд төлеу акцияларды басып шығару проспектісімен белгіленеді.

27. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайды қоспағанда, Қоғамның орналастыратын акциялары үшін ақша, мүліктік құқық (соның ішінде зияткерлік меншік құқығы) және өзге де мүлік төленуі мүмкін.

Ақшадан басқа, өзге де мүлікпен төлем жасау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы айқындайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

28. Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімі жүйесін тек Қоғамның тіркеушісі ғана жүргізе алады.

29. Өз қызметін жүзеге асыру үшін қаражат жинау мақсатында шығарылған акциялардан алынған кірістер тек Қоғамның дамуына жұмсалады.

30. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдерінің жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес айқындалады.

31. Қоғам орналастырылған бағалы қағаздарды:

1) Кепілге салынған бағалы қағаздар толық төленген болса;

2) Қоғамның сатып алған акцияларын қоспағанда, Қоғамға кепіл берілген және кепілде жақтан акция жалпы саны Қоғамның орналастырған акцияның жиырма бестен аспайтын пайызын құраса;

3) Жалғыз акционер акция кепілдемесі туралы келісімшартты мақұлдаса ғана кепілдікке қабылдай алады.

7. Қоғам органдары

32. Қоғам органдарына төмендегілер жатады:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқарушы орган – Директорлар Кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Басқарма;
- 4) қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүргізетін орган – Ішкі аудит қызметі;
- 5) жоғары кеңес беру-кеңесші орган – Қоғамның Ғылыми кеңесі

8. Жалғыз акционердің құқығы мен міндеттері

33. Жалғыз акционер:

- 1) Заң және осы Жарғыда қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысу;
- 2) осы Жарғы және Жалғыз акционермен анықталған тәртіпте Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысу;
- 3) Қоғам тіркеушісі не номинал ұстаушыдан бағалы қағаз ұстау құқығын растайтын көшірме алу;
- 4) Қоғам Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсыну;
- 5) Қоғам органдарының сот тәртібінде қабылдаған шешімін даулау;
- 6) Қоғамға келтірілген шығын болған жағдайда Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіп бойынша өз атынан Қоғамның лауазымдық тұлғаларынан Қоғам шығысы, Қоғамға келтірілген шығынды өтеуге және ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау (келісімшартқа отыру) туралы шешім қабылдау нәтижесінде алынған Қоғамның лауазымдық тұлға және (немесе) қызығушылығы бар олардың үлескер тұлғаларының кірісін (табысын) қайтару туралы талап қоюға сот органдарына жүгіну;
- 7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау жіберіп, Қоғамға сұраудың келіп түскен күнінен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде уәждеделген жауапты алу;
- 8) Қоғамды таратқан кезде мүліктің бір бөлігін алу;
- 9) Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінде қарастырылған жағдайдан басқа Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғамның акция немесе басқада бағалы қағаз, оның конвертир акцияларын басымдықпен сатыпалу;
- 10) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудиторлық тексеріс жүргізуін талап ету;
- 11) Директорлар кеңесі отырысын шақыруды талап ету;
- 12) Заңмен белгіленген тәртіпте Қоғам акцияларының саны немесе түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- 13) Осы Жарғы мен Заңда көзделген өзге де мәселеге құқығы бар.

34. Жалғыз акционер:

- 1) акцияларды төлеу;
- 2) өзгерістер болған жағдайда он күн ішінде Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімдер жүйесін жүргізу үшін қажетті мәлімдемелердің өзгерістері туралы Қоғамның тіркеушісі мен Жалғыз акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыны хабардар етуге;
- 3) Қоғам немесе оның қызметтік, комерциялық қызметі немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялары туралы ақпаратты жария етпеуге;
- 4) Заңға, осы Жарғыға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

9. Жалғыз акционердің құзыреті

35. Жалғыз акционердің ерекше құзыреті:

- 1) қоғам Жарғысына өзгерістермен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) корпоративтік басқару Кодексі, сондай-ақ қабылдаған жағдайда оған енетін өзгеріс пен толықтыруды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті қайта құру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акция санын көбейту немесе Қоғамның жариялаған орналастырылмаған акцияның өзгергені туралы шешім қабылдау;
 - 5) Директорлар кеңесінің сандық құрамы, өкілеттік мерзімін анықтау, мүшелерін сайлау және мерзімінен бұрын өкілеттілігін тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңес мүшелеріне сыйақы төлеу мөлшері мен шартын анықтау;
 - 6) Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережені бекіту;
 - 7) Басқармасы төрағасын сайлау, оның өкілеттік мерзімін белгілеу және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 8) Қоғамның аудитін жүргізетін аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 9) жылдық қаржылық есепті бекіту;
 - 10) Қоғамға тиесілі барлық активтің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтің бір не бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаны құру не қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлға қатысушысы (акционері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 11) Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған кезде құнын белгілеу уәдістемесіне енгізілетін (егер әдістеме бекітілмеген болса, бекіту) өзгерісті бекіту;
 - 12) Осындай тәртіп қоғам жарғысында айқындалмаса, акционерге Қоғамның қызметі туралы ақпарат беру тәртібін айқындау, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
 - 13) Қоғам Жарғысы және Заңмен Жалғыз акционер құзыретіне ғана жататын өзгеде мәселе бойынша шешім қабылдау.
- Заң және осы Жарғыдағы мәселелер бойынша Жалғыз акционердің құзыретіне жататын шешімді дара қабылдайды және ол жазбаша түрде ресімделуі тиіс.

10. Қызметті ұйымдастыру тәртібі, дайындау және Жалғыз

